**Сүттің базистік майлылығы туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 21 қыркүйек 1992 ж. N 785

Сүттің базистік майлылығы 3,4-3,6 процент шегінде белгіленген Литва, Латвия, Эстония, Украина және Беларусь республикаларынан асыл тұқымды мазалы құнажындардың көптеп әкелінуіне, жемшөп базасының әлсіздігінен, жемшөп сапасының төмендігінен және сіңімді протеиннің тапшылығынан сауын малы табынының үнемі жете азықтандырылмауына байланысты, сондай-ақ сүтті Қазақстанға арналып белгіленген көтеріңкі базистік майлылығына есептеген кездегі ысыраптан шаруашылықтардың негізсіз шығын шегуіне жол бермеу мақсатында (СССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР-і бойынша базистік майлылық нормасын өзгерту туралы" 1980 жылғы 4 тамыздағы N 656 қаулысы) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының облыстары бойынша 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап колхоздардың, совхоздардың басқа да мемлекеттік шаруашылықтардың, фермерлік шаруашылықтар мен халықтың мемлекетке сататын етке сататын сиыр сүтсиыр сүтінің (оның салмағына қарай процент есебімен) сараланған базистік майлылық нормасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Сүттің базистік майлылығы туралы" 1980 жылғы 8 қыркүйектегі N 345 қаулысы күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 21 қыркүйектегі
N 785 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының облыстары бойынша

| Облыстар | сүттің базистік майлылығы (процент есебінен) |
| --- | --- |
| Ақмола | 3,5 |
| Ақтөбе | 3,6 |
| Алматы | 3,6 |
| Атырау | 3,5 |
| Шығыс Қазақстан | 3,6 |
| Жамбыл | 3,5 |
| Жезқазған | 3,6 |
| Батыс Қазақстан | 3,6 |
| Қарағанды | 3,5 |
| Қызылорда | 3,5 |
| Көкшетау | 3,5 |
| Қостанай | 3,5 |
| Павлодар | 3,5 |
| Солтүстік Қазақстан | 3,5 |
| Семей | 3,6 |
| Талдықорған | 3,6 |
| Торғай | 3,5 |
| Оңтүстік Қазақстан | 3,5 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК